

Музыка жетекшісінің 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Балбөбек» бөбекжай-бақша

Топ: ерте жас

Балалардың жасы: 1-2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Музыка	<p>- музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылықты қалыптастыру.</p> <p>Музыка тыңдау. Әннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді <u>эмоционалды</u> қабылдау.</p> <p>Ән айту. Айналадағы дыбыстарға <u>еліктеу</u> арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (<u>мысалы: мысық мияулайды, ара ызындайды</u>). <u>Ән айту кезінде</u> балаларды белсенділік танытуға <u>ынталандыру</u>, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (<u>дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау</u>).</p> <p>Музыкалық ырғақты-қимылдар. <u>Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен карапайым қимылдар орындау: жалаушаны жоғары көтеру, оларды желбірету, сылдырмақты сылдырлату, ересектердің көрсетуі бойынша карапайым би қимылдарын орындау. Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу.</u></p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. <u>Қолмен сылдырмақ, асатаяқ аспаптарын сылдырлатып ойнауға (қаттыақырын сылдырлату) үйрету, барабан және ағаш қасықтарды соғып ойнау.</u></p>